



ДӘРІЛЕР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІКТЕР

ДӘРІЛІК ЗАТТАР (ДӘРІ)

ауруды алдын алуға, диагностикалауға және емдеуге, сондай-ақ ағзаның жағдайы мен қызметтерін өзгертуге арналған заттар.

ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТ

белгілі бір дәрілік формадағы қолдануға дайын дәрілік зат.

ГЕНЕРИК-ДӘРІЛЕР ТУРАЛЫ НЕ БІЛУІМІЗ КЕРЕК?

"... Түпнұсқалық және генерикалық препараттар бірдей қауіпсіздікке, терапиялық әсерге және тиімділікке ие..."
???

ДӘРІЛІК ЗАТТЫҢ САУДАЛЫҚ АТАУЫ

фармацевтикалық фирманың коммерциялық меншігі болып табылатын дәрінің атауы. *Белгісімен белгіленеді.



ДӘРІЛІК ЗАТТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАТЕНТТЕЛМЕГЕН АТАУЫ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен ұсынылған дәрінің атауы.

ТҮПНҰСҚАЛЫҚ ДӘРІЛІК ЗАТ

алғаш рет синтезделген, клиникаға дейінгі және клиникалық зерттеулердің толық циклынан өткен, 20 жылға дейінгі мерзімге патентпен қорғалған дәрілік зат.

ГЕНЕРИК (ҚАЙТА ӨНДІРІЛГЕН ДӘРІЛІК ПРЕПАРАТ)

белсенді заттардың құрамы, дәрілік формасы бойынша түпнұсқалық препаратқа сәйкес келетін және түпнұсқалық препаратты қорғау құжаттарының қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін немесе лицензиялық келісім бойынша айналымға түскен дәрілік препарат.



ЭКВИВАЛЕНТТІЛІК-ТЕҢДІЛІК

- Фармацевтикалық эквиваленттілік (түпнұсқалық препараттың құрамы мен дәрілік формасын толықтай сақтай отырып қайта жасалған препарат фармацевтикалық теңділікке ие).
- Фармакокинетикалық эквиваленттілік немесе Биоэквиваленттілік (фармакокинетикалық қасиеттерінің бірдей болуы).
- Терапевтік эквиваленттілік (тиімділігі мен қауіпсіздігі бойынша түпнұсқалық препаратпен бірдей болуы).

Генериктер (қайта өндірілген дәрілік препараттар) түпнұсқалық препаратпен эквиваленттілігі дәлелденген болуы шарт

БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАЛАР



үнемі тұтынған кезде денсаулық жағдайын жақсартуға арналған және құрамында адамның тамақтану рационын байыту мақсатында табиғи немесе табиғиға ұқсас биологиялық белсенді заттардың құрамдастары бар азық-түлікке қоспалар.

РЕЦЕПТ БҰЛ

дәрігердің дәріханаға дәрілік препаратты белгілі бір дозада және қолдану тәсілінде босату туралы жазбаша өтініші

ДӘРІНІ САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕ НЕГЕ НАЗАР АУДАРУ КЕРЕК

- Қаптамасы сапалы картоннан жасалуы тиіс, препараттың атауында (халықаралық патенттелмеген және саудалық) қате болмауы тиіс, жазулары - ашық, өшпейтін, бояулар мен мөрі - қанық түсті болуы тиіс.
- Таңбалау (сонымен қатар штрих-код) анық және жақсы оқылуы тиіс.
- Қолдану жөніндегі нұсқаулық (аннотация) орыс және қазақ тілдерінде басылуы тиіс.
- Сериясы, шығарылған күні және жарамдылық мерзімі ішкі қаптамада (блистерде) немесе флаконда және картон қаптамада сәйкес келуі тиіс.
- Дәрілік препараттың (таблеткалар, ерітінділер, суспензиялар және т. б.) түсі дәрілік заттың қолдану жөніндегі нұсқаулығында сипатталған түске сәйкес келуі тиіс.

NB! Дәрі-дәрмектерді дәріханаларда ғана сатып алу керек.

Интернет арқылы және хабарландыру арқылы дәрі-дәрмек сатып алмаңыз!

ПРЕПАРАТТЫҢ ТҮПНҰСҚАЛЫҒЫНА КҮМӘН БОЛҒАН ЖАҒДАЙДА:

- Сіз дәріханада сәйкестік сертификатының көшірмесін сұрай аласыз. Сертификатта көрсетілген Серия препараттың қаптамасында көрсетілген сериямен сәйкес келуі тиіс.
- Сіз түпнұсқалық және толық химиялық талдаумен қоса, егжей-тегжейлі сараптама жүргізу үшін дәрілік заттарды сараптау ұлттық орталығына жүгіне аласыз. www.ndda.kz

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖУРНАЛ ЖАРНАМАСЫНА АРНАЛҒАН ЭТИКАЛЫҚ КРИТЕРИЙЛЕРІ:

- Белсенді ингредиенттің атауы дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауы немесе генерикалық атауын пайдалана отырып берілген;
- Саудалық атауы;
- Дәрілік формадағы бірлігі немесе тағайындалған дозадағы белсенді ингредиенттің құрамы;
- Басқа ингредиенттердің атауы;
- Қолдану көрсеткіштері;
- Дәрілік түрі немесе емдеу схемасы;
- Жанама әсерлері;
- Негізгі деген өзара әрекеттесу түрлері;
- Өндірушінің аты және мекенжайы;
- Ғылыми әдебиеттерге сілтеме.

МАТЕРИАЛДЫ ДАЙЫНДАҒАҢДАР:

Макалкина Л.Г., м.ғ.к., PhD, MD, "АМУ" КеАҚ клиникалық фармакология кафедрасының доценті

Алдиярова Н.Т., м.ғ.д., ассоциирленген профессор, клиникалық фармаколог

Ихамбаева А.Н., медицина магистры, MD, клиникалық фармаколог

Оспанова А.А., MD, клиникалық фармакология кафедрасының резиденті